

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
_____ Канафина А.Е
«___»_____

Бекітемін:
Директор:
_____Касаинова Б.М
«___»_____

Сараптама

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиешілер: Иват Ү
Мектепалды даярлық сыныбы

2023-2024 оқу жылы

Оқу тәрбие жұмысының сараптамасы 2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу тәрбие барысында «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Алға қойған мақсатым:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорын, логикалық ойлау қабілетін және танымдылық іс- әрекетін дамыту.

Бұдан туындайтын негізгі міндеттер:

1. балалардың сөздік қорын шығармашылық іскерлік дағдылар арқылы қалыптастыру.
2. Балалардың ұйымдастырылған оқу әрекеті барысындағы бір-біріне деген қарым-қатынасын арттыру.
3. Балалардың танымдылық қабілетін дамыту ойындар арқылы шығармашылыққа баулу.

Оқу тәрбие жұмыстарының түрлері:

Ашық сабақтар, тақырыптық сабақ, ертеңгіліктер, ата-аналар жиналысы.

Ертеңгіліктер : Тіл апталығына арналған «Тіл ел байлығы», «Күз мерекем, күз берекем», ұстаздар күні; «Ұстаз ұлы есім», республика күні; «Республика күні», «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан», «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Ана біздің күніміз, Ананың біз гүліміз» «Қош келдің –қазағымның Наурыз тойы», «Мектепалды даярлық сыныбымен қоштасу» мерекелеріне ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Мектепалды даярлық сыныбында 3 бала. Мектепке дейінгі оқу мен бәрбие бағытында жұмыстар жүргізілді. Жыл бойы өткізілген ертеңгіліктер мен тақырыптық сабақтарда балалар топқа бейімделіп, сөздік қорын шығармашылық барысында әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Онда балалар топпен жеке әндер айтуды дамыта түсті, сондай ақ әр түрлі жанырда қимылды билерді үйренді, шығармашылық ойындар ұйымдастырылды. Тақырыптық сабақтарда әр мереке туралы толық мағлұмат берілді, топтық, жұптық, жеке жұмыстар арқылы.

Ашық сабақтарда жаңартылған білім жүйесі негізінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, топшамен жұмыстар жүргізілді. Онда балалар іс-әрекет барысында белсенді қатысты. Топтық жеке жұмыстарда балалар логикалық тапсырмаларды белсенді орындады. Сөйлеу, сөйлем құраудан жылдамдық танытты, әріп таңбаларын жазбаша және баспаша жазуды, оқуды сандар мен есеп шығару және тура кері санауды толық меңгерді. Онлайн сайыстарға да балалар педагогпен қатысты: «Зияткер» өнер-білім орталығы байқауына қатысты, онлайн “Үркер” балалар байқауына қатысып жүлделі 1-2 орын иеленді. «Әжем, Анам және мен» аудандық байқауға қатысып 2 орын иеленді, Аудандық “Менің Қазақстаным” патриоттық әндер байқауына қатысыпалғыс хат, дипломдармен марапатталды. Үздік иновациялық тәжербиелер байқауыға қатысып Алғыс хатпен марапатталды. Қорытынды: 2023-2024 оқу жылдың 1-қыркүйекте 1-сыныпқа баратын балалар мектепке дейінгі білімнің толық нұсқасын меңгерді. Жаңартылған білім мазмұны бойынша әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ертеңгіліктер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері жүргізілді